

**Ө.А. ЖОЛДАСБЕКОВ атындағы ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ
ҚҰҚЫҚ АКАДЕМИЯСЫ
АКАДЕМИЯ ЭКОНОМИКИ И ПРАВА имени У.А. ДЖОЛДАСБЕКОВА**



**«ЖОЛДАСБЕКОВ ОҚУЛАРЫ»
АТТЫ СТУДЕНТТЕР, МАГИСТРАНТТАР МЕН
ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ
II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ
ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ
20-сәуір 2016 ж.**

**МАТЕРИАЛЫ
II МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ И
ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
СТУДЕНТОВ, МАГИСТРАНТОВ И
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
«ДЖОЛДАСБЕКОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»
20-апреля 2016 г.**

Талдықорған, 2016

«ЖОЛДАСБЕКОВ ОҚУЛАРЫНЫҢ» МАҢЫЗЫ

Д.С. Байгунаков – Ө.А. Жолдасбеков атындағы
экономика және құқық академиясының ректоры, т.ғ.д., профессор

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Бүгін біз қатарынан екінші жыл «Жолдасбеков оқулары» атты студенттерге, магистрантарға және жас ғалымдарға арналған халықаралық конференцияны өткізіп отырмыз! Бұл игі шара жылма-жыл өз жалғасын табады деген сенімдеміз. Себебі мұндай іс-шара өскелең ұрпақты ғылым мен білім жолына жетелейді, келешекте ғалымдардың жаңа буынан тәрбиелеуге, елдің ғылыми әлеуетін арттыруға ат салысады, өзіндік үлесін қосады. Сондықтан да мұндай үрдіс қоғам тарапынан да, мемлекет тарапынан да әрдайым қолдауға ие болуы тиіс.

Жалпы алғанда, өткен жылдармен салыстырсақ, ғылыммен айналысатын ғалымдардың саны сәл ғана артып келеді. Мысалы, 2010 жылы 17 мыңдай ғылыми қызметкер болса, 2014 жылы олардың саны 25,6 мыңға жеткен. Жастардың ғылымға келуі арта түскен. 35 жасқа дейінгі жас ғалымдардың саны 45 пайызға дейін артқан. Мемлекеттік бюджеттен 2015 жылы ғылымды қаржыландыру 43,6 млрд. теңге (немесе ЖІӨ-ң 0,15 пайызы) бөлінген. Олардың 16,8 млрд. теңгесі гранттық қаржыландыру, 12,5 млрд. теңге бағдарламалық, ал 4,9 млрд. теңге базалық қаржыландыру бойынша бөлінген. Әрине, бұл аз. Көптеген мемлекеттер ішкі өнімінің бұдан да жоғары пайызын ғылымды дамытуға бөліп отырады.

Сондай-ақ оқуын бітірген докторанттардың барлығы уақытылы диссертацияларын қорғай алмай жататындығы да жасырын емес. Мәселен, 2013 жылы 414 PhD докторантура бітірушісінің 130-ы ғана дер кезінде қорғауға шықса, 2014 жылы докторантураны бітірген 611 адамның 205-і ғана уақытылы өз диссертацияларын қорғай алған. Бұл олардың теориялық дайындығын, уақытылы тапсырмаларды орындай алмауын, бюрократиялық кедергілердің орын алуын, Томсон Рейтерс, Скопус базаларындағы жорналдарға мақалаларын дер кезінде шығара алмауын көрсетеді. Дегенмен, мұндай қиындықтарға қарамай ғылыммен айналысуды тоқтатпаған базал. Кез келген өркениетті қоғам ғылымды дамытуға мүдделі. Өйткені ғылыми әлеуеті дамыған мемлекет қана әлемдік сахнада өз орнын ойып тұрып ала алады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан, Білім және ғылым министрлігі тарапынан осы бағытта бірқатар реформалар жүргізіліп жатыр. Олардың арасынан үш тілділік қоғамда бірқатар алаңдаушылық туғызуда. Көпшілікті алаңдатып отырған мәселе – қазақ тілінің мәртебесі.

Бұл жөнінде ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев былай дейді: «Қазіргі күні орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілі оқытылғанымен, оны бітіріп шыққан орыс, қазақ және басқа ұлт өкілдерінің ешқайсысы да қазақша сөйлеп кеткен жоқ. Бұны жасырудың қажеті де жоқ. Көбісі қазақ тілінде сөйлемек түгілі оны түсінбейді де. Сондықтан да, біз міндетті бағдарламалардың жоспарында Қазақстан тарихы мен әдебиеті қазақ тілінде өтетін болады. Бұл Қазақстанның барлық мектептерінде де осылай жүреді» – деді. Әрине, мұндай қадамның қаншалықты тиімді екенін уақыт көрсетер. Дегенмен қазіргі таңда шет тілін білмей, ғылымға келудің қиын екендігі анық болып отыр. Сондықтан да жастарды тіл меңгеруге шақырамыз әрі осыған үндейміз.

Ғылымның ауыр жауапкершілігі бар. Ол бірінші кезекте «жиендік» жасамауды талап етеді. Сондықтан да біз ғылымға келетін, ғылымның қордаланған мәселелерімен шұғылданатын жастарды одан аулақ болуға үнемі шақырамыз.

Ұйымдастырушылар тарапына аланған мәліметке келер болсақ, осы конференцияға қатысуға 100-ден астам өтініштер келіп түскен. Олардың біразы конференция жинағына енеді. Әрбір секция жұмысы бойынша модераторлар белгіленген. Сондықтан да құрметті конференцияға қатысушылар өздеріңіз көтерген ғылыми мәселелер бойынша ойларыңызды ортаға тастаңыздар, тұжырымдарыңызды дәлелденіздер!

Конференция жұмыстарына қатысушылардың барлығына сәттілік тілеймін!